

ӘОЖ: 19.41.07

## **МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?**

**Түлебаева Сандугаш Кенжебаевна**

[sand.8484@mail.ru](mailto:sand.8484@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің 2-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Б.Шиндалиева

Сауаттылық - ана тілінің заңдары мен ережелерін оларды ауызша және жазбаша сөйлеуде пайдаланудың берік дағдыларымен үйлестіре отырып білуі [1]. Жалпы алғанда сауаттылық тек жазу немесе оқу ғана емес, сауаттылық әр салада қолданылу аясына байланысты мағынасы өте кең. Бүгінгі қозғалғалы отырған тақырып ақпараттық және медиасауаттылыққа қатысты болмақ.

Ақпараттық сауаттылық - ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларының жиынтығы болып табылады, ол дегеніміз – ақпаратты жіктеу, жинау, сүзу, бір формадан екіншісіне түрлендіру. Ал медиасауаттылық - медиамәтіндерді түсіну және талдау, сондай-ақ оларды құру қабілеті.

Алайда, қазіргі таңда медиа құралдардың келіп түсетін ақпараттың көптігіне байланысты маңыздылығы арта түсуде. Ақпараттық қоғамда өмір сүргендіктен ақпаратты қабылдауда қиындықтың туындауы да орынды. Себебі, толассыз келіп түсетін ақпаратты қабылдау үшін медиасауатты болу аса маңызды.

Сонымен, медиасауаттылық ұғымына нақты не кіреді? Ең алдымен, оны журналистикамен шатастырмау керек. Медиасауаттылық мәселесі тек БАҚ саласында жұмыс жасайтын мамандарға ғана қатысты емес. Медиасауаттылық қоғамның кез-келген саласында, мейлі сен ұстаз бол немесе дәрігер, үй шарауасында отырған адам болсаң да қажетті дағды.

Бүгінде медиада көптеген жалған, бұрмаланған ақпарат бар. Өкінішке орай, бұл тек сары баспасөз беттерінде ғана емес, сонымен қатар ақпарат құралдарының көпшілігінде жиі кездеседі. Сондықтан медиасауаттылық ережелерінің бірінде былай дейді: «Кез-келген ақпаратты әртүрлі дереккөздерде екі рет тексеру керек. Егер хабарламада ақпараттың басқа арналарына сілтемелер болса, олар арқылы өтіп, бастапқы көзге жету міндетті»[1,23-б].

Көптеген күмәнді ақпарат күнделікті мессенджерлерге келіп түседі (WhatsApp, Viber, Instagram, Telegram және т.б.), медиа тұтынушылар контентті тексермей, келесі бір тұтынушыға қайта жібереді, осылайша фейктер саны көбейеді.

Медиасауаттылықты игеру тек жалғандықпен күресу ғана емес. Бұл БАҚ-та насихаттауға қарсы тұру жөніндегі үлкен жұмыс. Әрбір тұтынушы бүгінгі күннің өзінде қандай да бір материалды беруде медианың қаншалықты объективті екенін, мүдделі тараптың бар-жоғын түсінуге тиіс. Жүргізілген идеология, бейнелер мен мағыналар сізді белгілі бір тұжырымдарға итермелейтін ақпаратқа негізделуі мүмкін. Осылайша, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары құрастырылған медиа мәтіндер арқылы тұтынушының пікірін қалыптастырады. Бұл жағдайда тағы да біреуіне сенбеу және екінші ақпарат көзіне сену мүмкін емес. Мұнда сыни ойлауды енгізу қажет. Мұнда медиабілім берудің мақсаты болып табылатын өзіндік ойлау пайда болады.

Сонымен, медиабілім тек медианы түсінудің ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаны дамытудың да қуатты құралы болып табылады. Медиабілім беру технологияларын оқу процесіне енгізу-уақыт мәселесі және мемлекеттік деңгейдегі тиісті шешімдер. Бүгінде оны үкіметтік емес ұйымдар белсенді іске асыруда. Тағы бір мәселе – медианың өз жауапкершілігі, олар қайта құрылуға және тәуелсіз, ашық әрі объективті болуға қаншалықты дайын?

Медиасауаттылық - цифрлық технологиялар ғасырындағы қажетті дағды. Қазір балалар әртүрлі ақпарат көздерінен үлкен ақпарат алады. Бұл сонымен қатар мәтіндік хабарламалар, мемуарлар, бейнелер, әлеуметтік желілер, видео ойындар, жарнама және тағы басқалар. Бірақ барлық медиа-ресурстарды бір арнаға біріктіріп саралау үшін медиасауаттылық қажет, осы жерде медиасауаттылық не үшін қажет деген сұрақтың туындауы маңызды.

Біріншіден, сыни ойлауды игеру: медиа кез-келген тұтынушыға қолжетімді. Алынған ақпараттың қаншалықты дұрыс немесе бұрмаланғандығын өз бетінше анықтау қиынға соғады. Сыни тұрғыдан ойлау тұтынушының тұзаққа түспеуіне мүмкіндік береді. Сыни ойлауды игеру медиа тұтынушының ақпаратты қабылдауда әртүрлі мәселелер бойынша өз пікірлерін қалыптастыруға көмектесетін дағды.

Екіншіден, ақпаратты ақылмен тұтыну: ақпарат деген ол - сан, мәтін, графика, дыбыс және бейне түрінде көрініс табады. Ақпарат түрлерін тұтыну ақыл-ойды демек медиасауатты қажет етеді.

Үшіншіден, автордың көзқарасын тану: әр адамның белгілі бір мәселе бойынша өзіндік жеке пікірі бар. Автордың ұстанымын түсіну тұтынушының әлемге деген әртүрлі көзқарасын құрметтеуге көмектеседі.

Төртіншіден, медиа байланыстарды қалыптастыру: тиімді коммуникация қалыптастыру дегеніміз - өз көзқарасыңды бағалау, мен қайда, кімге, не айтып тұрмын деген сұрақтарға назар аудару маңызды.

Бесіншіден, мәдениеттегі медианың рөлін түсіну: медиа құралдарының қай түрінде болмасын хабарланатын кез-келген ақпарат мәдениет шеңберінен аспағаны абзал.

Алтыншыдан, автордың мақсаттарын түсіну: хабарлама тек ақпараттық ма, әлде автор сіздің пікіріңізді өзгертуге тырысады ма, мүмкін сіз бұрын-соңды естімеген жаңа идеяларды айтады ма? Медиа тұтынушы белгілі бір медиа оларға қандай әсер етуі мүмкін екенін түсініп, оның шынайы мақсатын түсінген кезде, олар саналы таңдау жасай алады [2,14-6].

Қазіргі таңда медиа тұтынушы күн сайын алуан түрлі, кең көлемдегі ақпаратпен бетпе-бет келеді. Бұл ақпарат адамның айналасындағы барлық нәрсе туралы көзқарасын қалыптастырады, сонымен қатар оның дүниетанымына, тұтастай алғанда экономикалық тұрақтылыққа, саяси жағдайға айтарлықтай әсер етеді.

Медиа ақпаратты дұрыс тұтыну бойынша бірнеше жалпы ұсыныстар бар. Ең алдымен, өзіңіздің дербес деректеріңізді әрқашан сенімді қорғауыңыз қажет. Сенімді құпия кілттер, дәлелденген қорғалған ресурстарды пайдалану - сауатты медиа тұтыну жолындағы алғашқы қадам. Белгілі бір оқиға туралы ақпаратты зерттей отырып, әртүрлі көздерден ақпарат алу керек. Осы жерде Гарольд Лассуэллдің коммуникацияның негізгі 5 моделін негізге алу өте орынды. Кім? (ақпарат беруші), Не? (берілетін ақпарат), Қалай? (жеткізу әдісі), Кімге? Нәтижесі қандай? [3,28-6],- деген сұрақтарға толық жауап берген дұрыс болар еді. Бұл жағдайдың тұтас көрінісін қалыптастыруға көмектеседі. Осы ақпарат көздерін таңдауға мұқият қарау керек, деректермен, дәлелдермен сәйкестендіру маңызды.

Жалпы алғанда, барлық ақпарат қай жерде алынғанына қарамастан сыни түрде қабылдануы керек. Өйткені, әр оқиға әрдайым авторлардың көзқарасы бойынша жарияланып отырады және әрқашан бейтарап пікір қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Медиасауаттылық - адамдарға әртүрлі медиа, жанрлар мен формаларда хабарламаларды талдауға, бағалауға және құруға мүмкіндік беретін дағдылардың жиынтығы.

Медиасауаттылықтың негізі - бұл адамдарды көрген, оқыған нәрселері туралы сұрақтар қоюға шақыратын модель. Медиасауаттылық тұтынушыларға ондағы насихатты, цензураны немесе жаңалықтар мен қоғамдық бағдарламалардағы біржақтылықты (және осындай іс-әрекеттердің себептерін) көру үшін медиа хабарламаларды талдауға, сондай-ақ ақпаратқа әсер ететін медиа иесі, олардың қаржыландыру моделі сияқты құрылымдық элементтерді түсінуге мүмкіндік береді.

Медиасауаттылық адамдарды медиа хабарламалардың тәжірибелі жасаушылары мен продюсерлеріне айналдыруға, әр медиа түрінің артықшылықтары мен шектеулерін жеңілдетуге және түсінуге, сонымен қатар тәуелсіз медиа құруға бағытталған.

Медиасауаттылықтың міндеті - медиа тұтынуды белсенді және сыни процеске айналдыру, адамдарға ықтимал айла-шарғы жасауды (әсіресе жарнама мен PR-да) жақсырақ түсінуге, сондай-ақ адамдарға бақ пен азаматтық, бірлескен медианың шындық көзқарастарын құрудағы рөлін түсінуге көмектесу болып табылады [4,58-6].

Медиасауаттылықты арттыру үшін:

- әрқашан жеке деректерді сенімді қорғау, күмәнді сайттарға сенбеу, сенімді құпия кілттер жасау және оларды ешкімге хабарламау;
- қабылданған ақпаратты әртүрлі көздерден салыстыру,
- әртүрлі медианың мәліметтеріне сүйене отырып, жағдайдың тұтас көрінісін қалыптастыру;
- кез-келген ақпаратқа сыни көзқараспен қарау.

Қорыта келгенде әрбір азамат өз ойларын еркін жеткізе алады, ақпаратты қабылдап және қабылданған ақпаратты екінші бір тұлғаға тарата алады, демек сөз бостандығына шектеу жоқ. Бұл дегеніміз - сөз бостандығының барлық ағыны сауатты талдауды, шындықты іздеуді қажет етеді. Ақпараттың маңыздылығының артуына және ақпараттық қоғамға ауысуына байланысты әртүрлі медиа құралдар барған сайын маңызды бола түсуде. Бірақ олардың көптігінен ақпаратты таңдауда көптеген қиындықтар туындайды. Сондықтан қазір әрбір медиа тұтынушы медиасауатты болуы керек, яғни ол медиа өнімдерін түсініп, бағалап, оларды дұрыс құруы керек.

Медиасауаттылық - бұл жаңа ақпараттық мәдениет жағдайында дамуды қажет ететін адамның сапасы. Медиасауаттылық жеке тұлғаның ақпараттық қауіпсіздігін өзектендіруді, медиа-мәтіндерді тұтыну және құру, алынған ақпаратты сыни тұрғыдан қарауды қамтиды. Қазіргі қоғамда ақпаратпен жұмыс істей білу керек. «Кім ақпаратқа ие болса, ол әлемге ие» - бұл пікір қазір өте өзекті.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ., 2006. 482 б.
2. Бондаренко Е.А., Медиаграмотность и информационная культура в современной российской школе. // медиаобразования ИСМО РАО, - М.: 2013.
3. Harold D. Lasswell The structure and function of communication in society// <https://marketing-course.ru/model-lasswell/lasswell-2/>
4. Ложь в Сети: как распознать недостоверную информацию в интернете?// [https://aif.ru/society/web/kak\\_raspoznat\\_nedostovernuiu\\_informatciiu\\_v\\_internete](https://aif.ru/society/web/kak_raspoznat_nedostovernuiu_informatciiu_v_internete).